

Ақмола облысының кейбір елді мекендерінің атауларын қайта атау туралы

Ақмола облыстық мәслихатының мен Ақмола облысы әкімшілігінің 2005 жылғы 24 тамыздағы N 3С-14-5 шешімі. Ақмола облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 1 қыркүйекте N 3155 тіркелді

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «селолық», «селосы», «селосын» деген сөздер «ауылдық», «ауылы», «ауылын» деген сөздермен ауыстырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 17.02.2015 № А-2/65 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 17.02.2015 № 5С-34-6 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабына сәйкес, тұрғындардың ұсыныстары мен пікірлерін ескере отырып, Ақкөл, Щучье, Ерейментау аудандарының әкімдігі мен мәслихатының бірлескен шешімдері негізінде облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Ақмола облысының келесі елді мекендерінің атаулары қайта аталсын:

1) Ақкөл ауданы бойынша:

Трудовое ауылы Еңбек ауылына;

Трудовое ауылдық округі Еңбек ауылдық округіне.

2) Щучье ауданы бойынша:

Абылайхан ауылдық округіндегі Дорофеевка ауылын Ақылбай ауылына;

Климовка ауылдық округіндегі Климовка ауылын Атамекен ауылына;

Климовка ауылдық округіндегі Черноярка ауылын Қаражар ауылына;

Боровое кентін Бурабай кентіне.

3) Ерейментау ауданы бойынша:

Благодатное ауылдық округін Олжабай батыр атындағы ауылдық округіне.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрайымы

Облыс әкімі